Жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу шарты

Қаратау қаласы №154 24.12.2025 жыл

Біз төменде қол қоюшылар: бұдан әрі **«Сатып алушы»** деп аталатын «Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Суюнбаев Берик Болатулы бір тараптан және бұдан әрі **«Сатушы»** Нұрабай Ерболат Дәулеталыұлы, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «23-12-2025» жылғы №15828785-ЗЖ1 «Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді.

1.Шарттың мәні

1.1. «Сатушы» осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жылжымайтын мүлікті беруге міндеттенеді, ал «Сатып алушы» осы шарттың талаптарымен жылжымайтын мүлікті қабылдауға міндеттенеді; бағдарлама: 098- «Коммуналдық тұрғын үй сатып алу», кіші бағдарлама 034 – «Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен» және ерекшелігі бойынша 412 «Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды беру, қондырғыларын сатып алу»;

1.2. Осы шартта сатып алынатын мүліктің сипаттамасы: ***Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 ықшам ауданы 25Д үй 67 пәтер Барлығы: 1 тұрғын бөлме, 1 ас бөлме, 1 дәліз және 1 санитарлық торап. Жалпы аумағы 39,6 ш.м оның ішінде тұрғын аумағы 17,6 ш.м***

1.3. Жылжымайтын мүліктің орналасқан жері : ***Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, 3 ықшам ауданы 25Д үй 67 пәтер; Кадастр нөмірі 06:099:008:649:1:67***

1.4. «Сатушының» жылжымайтын мүлікке меншік құқық тудыратын құжаттар: ***2025 жылғы 02 шілдедегі №3068 сатып алу шарты, Жер актісі №101000194189219 11.12.2025 ж, Нысанды пайдалануға қабылдау 2025 жылғы 11 желтоқсандағы нөмірсіз актісі.***

2.Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы шартқа №1 қосымшада айқындалады және Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласынан инженерліккоммуникациялық желілерімен қамтамасыз етілген (электрмен, газбен, орталықтандырылған сумен, ыстық сумен, жылу, кәріз су желілерімен және аумағы толық аббаттандырылған) 5 қабатты көп пәтерлі тұрғын үйді, сатып алуға **11 484 000** (он бір миллион төрт жүз сексен төрт мың) теңге 00 тиын құрайды және тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2. Шарт:

098 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу бюджеттік бағдарламасы, кіші бағдарлама 034 – «Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің

қаражатынан берілетін кредиттер есебінен», 412 Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды беру, қондырғыларын сатып алу ерекшелігі бойынша – алуға **10 353 024** (он миллион үш жүз елу үш мың жиырма төрт) теңге 00 тиын ҚҚС есепке алмағанда 2025 жылы «Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен»қаржыландырылады.

098 Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу бюджеттік бағдарламасы, кіші бағдарлама 034 – «Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен», 412 Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды беру, қондырғыларын сатып алу ерекшелігі бойынша – алуға **1 130 976** (бір миллион бір жүз отыз мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге 00 тиын ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы «Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен» қаржыландырылады.

2.3. Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған шарт;

2) нысанды қабылдап алу – беру актісі (актілері);

3) Қағидаларға 22-4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

4) «Сатушы» тапсырыс берушіге берген , нысанның сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып , шот-фактура;

2.5. Қазақстан Республикасының 2016 жылы 26 шілдедегі №11-VI «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңының 1 бабы 80 тармағына және 27 бабының 9 және 10 тармағына сәйкес:

1) Эскроу-шот – сатушыға айқындаған шарттардың басталуына немесе орындалуына дейін банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасауға үшінші тұлғаның құқығын шектей отырып, клиент осы тұлғаның атына ашатын ағымдағы шот немесе жинақ шоты.

2) Клиентке "эскроу-шот" режимінде банктік шот ашуға рұқсат етіледі. Атына эскроу-шот ашылған тұлға клиент айқындаған шарттарды орындамаған және банктік шот шарты бойынша мұндай талаптардың басталу немесе орындалу мерзімі аяқталған жағдайларда, банк эскроу-шот ашқан клиентке ақшаны қайтарады. Эскроу-шоттағы ақшаға эскроу-шот шартының талаптарына байланысты іс жөніндегі сот актісі бойынша ғана тыйым салуға және өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

3) Клиенттердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы ақшасына өндіріп алу қолданылған жағдайда, мұндай өндіріп алу клиенттердің банктік шоттарынан ғана жүргізіледі.

3.Даулы мәселелерді шешу

3.1. «Сатушы» мен «Сатып алушы» шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

3.2. Егер осындай келіссөздерден кейін «Сатушы» мен «Сатып алушы» шарт бойынша дауларды шеше алмаса , Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

4.Қорытынды ережелер

4.1. Осы Шарт тараптар қол қойған (және қажет болған жағдайда мемлекеттік тіркеген) сәттен бастап күшіне енеді.

4.2. Осы Шарт қазақ тілінде үш данада жасалған, бірдей заңды күшке ие. Бірінші данасы – сатушыға, екінші данасы сатып алушыға, үшінші данасы тіркеуші органға беріледі.

4.3. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

4.4. Нысанның кепілдік мерзімі 7 (жеті) жыл деп белгіленсін.

4.5. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 жылға дейін қолданылады.

5. Реквизиттер

Сатып алушы:
«Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы, Достық алаңы №1
БСН 101240001404
БСК KKMFKZ2A
KZ98070103KSN2110000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
Тел: 8(72644)4-00-75
Басшысы:
Суюнбаев Берик Болатулы

Сатушы:
Нұрабай Ерболат Дәулеталыұлы
Жамбыл облысы, МАССИВ Бектобе Корікті, 21
БСН/ЖСН - 910430301056
БСК HSBKKZKX
KZ836010002036709578
"Қазақстан Халық Банкі"АҚ

Азамат:
Нұрабай Ерболат Дәулеталыұлы